

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 27 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары
Р.В. Склярға

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылдың маусымындағы газ саласын дамыту мәселелері бойынша кеңесте «Газ саласы әлеуметтік-экономикалық дамуда маңызды орын алады. Елде газ тұтыну жыл сайын артып келеді, бірақ газ өндіру қарқыны бұл өсуге сәйкес келмейді. Өнеркәсіптік нысандарды газға көшіру бойынша жаңа жобалар іске қосылуда. Көгілдір отынды тұтынатын халық саны өсуде. Сондықтан газға деген сұраныс тек өседі. Ұсыныс сұранысты қанағаттандыруы тиіс» - деген.

Парламент депутаттарының жаз айларында өңірлерді аралау барысында тұрғындар тарапынан көтерілген ең өзекті мәселенің бірі – ол **ауылдарды газдандыру**.

Өзіңізге белгілі, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының газдандыру деңгейі халық санымен 59% болғанымен, 6 386 елді мекеннің 1 754-і немесе 27,5%-ы ғана табиғи газдың игілігін көруде.

Мысалы, **Қызылорда** облысында 234 елді мекеннің 26-сы, **Түркістан** облысында 831 елді мекеннің 465-і, **Жамбыл** облысында 371 елді мекеннің 274-і, **Алматы** облысында 384 елді мекеннің 147-і, **Жетісу** облысында 358 елді мекеннің 22-і газдандырылған. Ал газдандырылмаған елді мекен тұрғындары осыған қызығушылықпен қарайды. Қыс айларында 10 тоннаға дейін **көмір таситын апаларымыздың, келіндеріміздің, қыздарымыздың** еңбегі, **Қарағандылық шахтерлардың** еңбегінен кем емес.

Өткен жылы 43 елді мекендегі 50,5 мың тұрғынды газбен қамту мақсатында Ұлттық қордан және республикалық бюджеттен 96,6 млрд.теңге қаржы бөлінсе, биыл қаржының көлемі 73,9 млрд.теңгеге дейін төмендеген.

2022 жылы еліміздегі газ өндіру көлемі 53,2 млрд.м³, ал тауарлы газ 23,9 млрд.м³, оның 19,3 млрд.м³ ішкі нарыққа жеткізілсе, 4,6 млрд.м³ экспортталды.

Оңтүстік өңірлерге «Бейнеу-Бозой-Шымкент» және «Газли-Шымкент» магистральдық газ құбырлары арқылы газ жеткізіледі. Осы магистральдық құбырдың жүктемесі **106%**, яғни артық газ көлемін өткізуге мүмкіндігі жоқ.

Осы аймақтарды әрі қарай газдандыру мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының **2-ші желісінің құрылысы** шұғыл түрде қажет етуде. Бүгінде оның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Бұл жоба шамамен 2027 жылы аяқталады. Жобаның құны шамамен **2,7 трлн.теңгені** құрайды.

Бұл жобаны іске асыру «АМАНАТ» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!» сайлауалды бағдарламасында көзделген.

Осыған байланысты, елдің оңтүстік және орталық өңірлерін газдандыру «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының **2 желісін** салғаннан кейін кезең-кезеңімен Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Қызылорда, Қарағанды, Түркістан, Жамбыл, Ұлытау, Алматы облыстарын газбен қамтамасыз етуге болады.

Осы ретте, халықтың табиғи газға деген сұранысын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет елді мекендерді газдандыру жұмыстарын әрі қарай жалғастыру керек. Бұл мақсатта, келесі мәселелерді қарастыруыңызды сұраймыз.

Бірінші, жылдар және өңірлер бөлінісінде газдандырылатын елді мекендер тізімін жасақтап, жыл сайын газдандыру жобаларына **кем дегенде 150-200 млрд.теңге** қаржы қарастыру.

Екінші, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының **2-ші желісінің құрылысын** тездетіп, шетел инвесторларын тартумен немесе халықаралық қаржы ұйымдары есебінен іске асыру.

Үшінші, Үкімет Өзбекстан және Қытай мемлекеттерімен «Газли-Шымкент» немесе «Қазақстан-Қытай» магистральдық құбырлары арқылы оңтүстік өңірлерге **қосымша газ көлемін** жеткізу мүмкіндігін қарастырып, келісу қажет.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«АМАНАТ» партиясы
фракциясының депутаттары**

**М. Жайымбетов
Б. Бейсенғалиев
М.Ергешбаев
Ү. Шапақ**

Қазақстан халық партиясы

Г. Танашаева

 Намазбаев К.

 74-67-84